



# Ақмешіт

5 қаңтар  
бейсенбі  
№1 (1908)  
2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖАҢА ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП...

## ХАЛЫҚҚА БЕРІЛГЕН УӘДЕ ОРЫНДАЛМАСА, БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСЕДІ

Барыс жылы еліміз үшін тарихи және саяси оқиғаларға толы болды. Қаңтар оқиғасымен басталған 2022 жылы жалпыұлттық референдум, ұлттық құрылтай, кезектен тыс президент сайлауы өтті. Енді бірнеше күннен соң сенаторлар сайланады. Жаңа жылдың табалдырығын аттап, қоян жылындағы алғашқы нөмірді шығарғалы жатқанда Қызылорда қаласында атқарылған және атқарылатын жұмыстарға тоқталғанды жөн көрдік.



Жыл қорытындысы бойынша өткен салтанатты жиында қала әкімі Асылбек Шәменов барыс жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, биылғы жоспарға тоқталды. Шаһар басшысының айтуынша, қаланың инженерлік, коммуналдық инфрақұрылымын дамытуда ауқымды жұмыс жасалған.

– Жол сапасын жақсартуда кешенді шаралар қабылданып, қала қарқынды құрылыс алаңына айналды. Көпқабатты тұрғын үйлер, мектептер мен балабақшалар, денсаулық сақтау, спорт нысандары салынып, халық игілігіне берілді, – деді қала басшысы.

Өткен жылы көлемі 7000 шаршы метр болатын қан орталығы, 1000 келушіге арналған жаңа өнер сарайы мен «Анаға тағзым» орталығының іргетасы қаласа, биыл Президент тапсырмасымен әзірленген «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 8 мектеп, сондай-ақ заманауи үлгідегі қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жылу-электр орталығы салынады.

Сол жағалаудан 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы және инфрақұрылымдық әлеуетті дамытуда Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы басталды. «Қазгермұнай» ұлттық компаниясының қолдауымен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы бастау алса, «Сауте Ойл» компаниясы 10 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының жаңа стадионын салуға ниет білдірді. Облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда автобус паркіне жаңадан автобус алуға 1 млрд 434 млн теңге

бөлініп, қалаішілік бағыттарға қатынайтын 150 жаңа қоғамдық көлік ел қажеті үшін жұмыс атқаруда. Қызылордалықтар осынау игі істің жалғасын биыл да көреді деген жоспар да бар екен. Қала әкімінің айтуынша, тағы да 150 автобус алынады. Тұтас бір қаланы ауыз сумен қамтамасыз етіп, тазалығына жауап беретін біріккен кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы «Су жүйесі» мекемесіне 11 арнайы техника табысталды.

Барыс жылында ұлт мақтанышына айналған жерлестеріміздің мерейтойлары тақырыптық кештермен ұйымдастырылып, қала орталығында халық қаһарманы Роза Бағланова

апамыздың еңселі ескерткіші бой көтерді. Қала күні, республикалық айтыс, концерттер мен фестивалдар, ғылыми конференциялар мен форумдар, жерлестеріміздің берекесі мен несібесіне сай «Алтын дән» мерекесі және ырысты еліміздің қазынасын тасытқан әртүрлі жәрмеңкелер секілді мазмұны мен мағынасы зор шаралар да жыл бедерінде айықталды. Сондай-ақ балалар жылына орай қызылордалық балғындар игілігіне бағытталған көптеген игі жұмыс атқарылды. Қала аумағында 50 ойын алаңы салынып, айтулы жылдың игілігін барлық бала тең көруі үшін ешкім аянып қалмады.

2 БЕТТЕ

Қала әкімі Асылбек Шәменов жыл қорытындысы аясында «Су жүйесі» мекемесіне барып, тұтас бір қаланы ауыз сумен қамтамасыз етіп, тазалығына жауапты кәсіпорын жұмысымен танысты. Сондай-ақ кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын толықтыру мақсатында жаңадан алынған 10 арнайы техника табыстады.



## СУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНИКА



Мекемеге қажетті техникалар Беларусь елінің Минск қаласындағы «Коммаш» зауытынан шыққан. Құны 400 млн теңгеден асатын көліктерді жеткізіп беруші «МАЗ центр Қазақстан» ЖШС.

Қала басшысы мекеме қызметкерлерімен кездесу барысында жұмыстарына оң бағасын беріп, алдағы істеріне сәттілік тіледі.

– Қаланың күнделікті тыныс-тіршілігі ауыз су мәселесін толыққанды шешу жолында атқарған еңбектеріңізге ел риза. Осы бағытта таймай жемісті еңбек ете берудіңізге тілекшімін. Сіздерге мемлекет тарапынан қашанда зор қолдау болмақ. Бүгінгі жаңа техникалар сол игі істің нәтижесі. Алдағы уақытта тұрғындарға сапалы қызметті арттыру бағытында қажетті техникалар рет-ретімен қамтамасыз етіледі, – деді қала әкімі.

«Ақмешіт-ақпарат»

## ЖАҢА ЗАҢ халықты қарыздан құтқара ма?

Өткен жыл соңында Мемлекет басшысы бірнеше заңға қол қойды. Соның бірі – «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң.

3 БЕТТЕ



## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» қорына қанша ақша түсті?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының ашылғанына бір жыл толды. Аталған қор мемлекеттік қолдау шараларынан тыс өмірдің негізгі салаларындағы қазақстандықтардың нақты мәселесін шешуге бағытталған.

– Бұл – халық қоры. Ол әкімшіліктің немесе үкіметтің жанынан құрылмайды. Беделді бақылау кеңесі құрылады. Адал, жауапты басшы тағайындалады. Оның қызметі толығымен ашық болады. Қоғамға есеп береді. Жоспарлары, бюджеті мен жобалары сайтта жарияланады. Бүкіл ақпарат ашық болады, – деді қор жайлы Мемлекет басшысы.

Қор басшысы – Болат Жәмішев. Баста қарапайым халықтың мүддесі үшін құрылған қордың жұмысына күмәнмен қарап, түрлі қауесет тарағаны жасырын емес. Сондай-ақ әлеуметтік желіде қоғамдық қордың

қамқоршылық кеңесі құрамына көңілі толмайтындар өз ойларын ашық білдірді. Бір сөзбен айтқанда қазақ халқына арналған бұл қордың мақсаты мен міндетін қарапайым халық толық түсініп, бірден қабылдай алмады.

Қорға қанша қаржы түсті? Бір жылда қанша қаржы жиналды? Ол қалай жұмсалды? Бұл сұрақтар көптің көкейінде жүргені баршаға мәлім. Өткен жылдың 30 желтоқсандағы мәлімет бойынша, қорға заңды және жеке тұлғалардан 131,7 млрд теңге ақшалай қаражат түскен.

3 БЕТТЕ

## РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Барыс жылын артқа тастап, қоян жылын төрге шығарған 2023-ке де жеттік. Бүгін 2023 жылдың алғашқы санын шығарып отырмыз. Газеттің нағыз иесі – оның оқырманы, жазылушысы. Сол себепті де редактор бағаны арқылы газетімізге жазылған қалың оқырманға алғыс айтамыз.



## Армысыз, қадірлі оқырман!

Өткен жылдың соңында газеттен алыстап бара жатқан оқырманға жақындауды мақсат етіп, газетімізге жазылғандар үшін бірқатар жеңілдік енгізген болатынбыз. Жылашар алғашқы нөмірде «Сыр медиа» ЖШС басшылығымен келісілген осы жеңілдіктерді газет бетіне жариялауды жөн көрдік.

Құрметті оқырман, егер сіз Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылсаңыз, мақаланың газет бетіне тегін жарияланады. Сонымен қатар 2023 жылдың қаңтар айынан бастап білім беру және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері үшін қосымша бет ұйымдастыру жоспарланып отыр. Қосымша беттерге «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылғандығын дәлелдейтін квитанция алып келген адамның (педагогика не медицина саласының қызметкері) мақаласы енді.

Сондай-ақ жеке мектептер 50 «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылса, айына бір рет сол білім ордасының жұмысын ақпараттық қолдау мақсатында имидждік бағыттағы мақала жариялау да көзделіп отыр.

Ұлағатты ұстаздар үшін «Білікті мұғалім тәжірибесінен» айдарын ашып, мемлекеттік немесе жеке мектеп мұғалімдерінің сабағын, тәжірибесін жариялау да жоспарға енді.


Биылдан бастап мамандардың халыққа ұсынатын кеңесін де тегін жариялауды қолға аламыз. Сонымен қатар Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты елді мекендерде орналасқан балабақшалар үшін де газет ішінен қосымша бет ашуды жоспарладық.

Құрметті оқырман! Сіздер үшін «Үздік автор», «Үздік оқырман», «Газетке ең көп жазылған мекеме» номинацияларын ұйымдастырып, «Үздік автор» мен «Үздік оқырманның» мақалаларын жыл бойы, ал «Газетке ең көп жазылған мекеме» аталымын алған мекеменің кемінде 10 мақаласын тегін жариялауды жоспарға енгіздік. Балалар шығармашылығына да газет бетінен орын әзір.

Бір сөзбен айтқанда, «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылсаңыз болды, мақаланың тегін шығады.

«Үздік автор» мен «Үздік оқырман» 2023 жылдың желтоқсан айында анықталды. «Үздік автор» деп газетімізге ең көп мақала ұсынған қалам иесі таңылса, «Үздік оқырман» аталымы біздің газетті алып, ішіндегі мақалаларын саралаған, зерделеген, ой айтқан, пікір білдірген, онысын әлеуметтік желі арқылы ең көп жариялаған немесе akmeshit.kz@mail.ru электрондық поштамызға ең көп хат жолдаған оқырманға беріледі. Ал «Газетке ең көп жазылған мекеме» 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының есебі бойынша №2 мектеп болып отыр. Бұл ұжым 153 дана «Ақмешіт апталығына» жазылған. Газетке жазылғандарыңызға, қолдау көрсеткендеріңізге дән-ризамыз. Біздің газетке жазылған барлық оқырманға алғыс айтамыз. Алдағы уақытта №2 мектеп ұжымымен арнайы кездесіп, марапатын табыстайтын боламыз.

Азиз БАТЫРБЕКОВ



## ӘСКЕРГЕ БАРҒАНДАРҒА ЖЕҢІЛДІК БАР

2 БЕТТЕ



# ХАЛЫҚҚА БЕРІЛГЕН УӘДЕ ОРЫНДАЛМАСА, БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМГЕ СЕЛЖЕУ ТҮСЕДІ

**2023 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАТЫН КӨПҚАБАТТЫ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР**

Сырдария өзенінің сол жағалауынан

**470** пәтерлі

**10** көпқабатты тұрғын үй

**2** млрд. теңге

**БӨЛІНДІ**

Басы қатты болып басталған барыс жылының өзіндік жетістігі аз емес. Ел ынтымағы бірінші орынға қойылған 2022 жыл шын мәнінде бірлік пен берекенің, жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің, халық қалаған, серпінді жобалардың орындалуымен аса құнды жыл болды. «Қоян жылы да барлық сала бойынша жұмыстарды қарқынды жүргізіп, көрсеткіштерді еселейтін боламыз», деген қала әкімі 2023 жылы атқарылатын жұмыстарды да мәлім етті.

– 2023 жылға ұлттық қордан, республикалық, облыстық бюджеттерден Қызылорда қаласын дамытуға 23 млрд теңгеден астам трансферт бөлініп отыр. Бұл қаржы тұрғындардың талап-тілегіне орай, кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді шешуге бағытталады, – деді қала басшысы.

Өткен жылы Сырдария өзенінің сол жағалауынан 10 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Іргесі көтерілген үйлер биыл толығымен аяқталып, тұрғындар баспана бақытына кенелмек. Сондай-ақ апатты тұрғын үйде тұратын отбасыларды тұрғын үйлермен қамту үшін облыстық бюджеттен 2 млрд 562 млн теңге бөлініп, мақсатты шаралар жүзеге асырылды. Президент өз Жолдауында ауылдардың еңсесін көтеру үшін, мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалады деген болатын. Осыған орай кешенді жоспарлар, нәтижелі жобалар бастау алды. Яғни «Ауыл – ел бесігі» жобасы арқылы 992,9 млн теңгеге Қызылжарма, Ақсуат, Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Талсуат, Қызылөзек ауылдық округтерінде барлығы 46 көше жөнделді. Сонымен

Басы 1-бетте

облыстық бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді. Жастарды спортқа баулу, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында да негізгі жұмыстар атқарылады. Игілікті бастамаға орай Тасбөгет кентінен дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланды. Оған облыстық бюджеттен 542,1 млн теңге берілді. Тұрғындар тарапынан айтылып жүрген күрделі мәселенің бірі көпір құрылыстары болатын. Нақтыласақ, Белкөл кентіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі құрылысын аяқтауға облыстық қазынадан 109,4 млн теңге бөлінді. Қызылжарма арнасы арқылы «Байтерек» ықшам ауданына өтетін көпір құрылысының толық бітуі үшін ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 36,5 млн теңге қаралды. Жаңа құрылыстардың қатарына Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу

жүргіншілер көпірі кіреді. Оған да ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 320 млн теңге бөлінді. Қаладағы бірнеше көше қайта жаңғырады. Атап айтсақ, Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда – Құмкөл» трассасына дейінгі Бейбарыс сұлтан көшесін реконструкциялауға республикалық және облыстық бюджеттен 2 млрд 349 млн теңге бөлінді. Қайта жаңғырту жұмыстары Астана даңғылы мен Тараз көшелеріне де жүргізілетін болады.

Жолдарды жөндеумен қатар абаданандыру ісі қатар жүруі тиіс. Осы ретте сол жағалаудағы Абылай хан даңғылы мен Бейбарыс сұлтан көшесіне облыстық қазынадан тиісті қаржы бөлініп, ол толығымен абаданандырылды. Сонымен қатар облыстық бюджеттен бөлінген 690 млн теңгеге қаладағы 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, 52 көше жарықтандырылды. 17 көпқабатты тұрғын үй ауласы абаданандырылды. Қаладағы ауыз су және көріз су желілерін жаңғыртуға, автоматтандыруға, түбегейлі инфрақұрылымдық құрылыстарын жүргізуге республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 3 млрд 791,1 млн теңге бөлінді. Тұрғындар өтінішіне сәйкес, биыл да тұрғын үйлерді қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілмек. Кезекте тұрған 12 көпқабатты тұрғын үй республикалық кредит есебінен бөлінетін 773,8 млн теңгеге қайта жаңғыртылды.

Иә, қоян жылының еңісінде осындай жұмыстар тұр. Жоспар көп, бірақ бәрін орындау шарт. Өйткені халыққа берілген уәде орындалмаса, билікке деген сенім азая түседі.

А.АҚЫЛБЕК

**АВТОБУС ПАРКІ 150 ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКПЕН ТОЛЫҒАДЫ**

«Қызылорда Автобус Паркі» ЖШС-не қосымша

**2023** жылы

аймақ басшысының тікелей қолдауымен

**150** дана

Үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобус алуға 1 млрд. 434 млн. тг бөлінді

қатар кент және ауылдық округтердегі 167 көшені жөндеуге бюджеттен 4 млрд 40 млн теңге бөлінді. Қала аумағында газ желісі тартылмаған елді мекендердің бірі Ақсуат ауылдық округі еді. Бұл округке 2022 жылы республикалық бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілді. Аукымды жоба биыл толығымен аяқталып, ақсуаттық ағайын көгілдір отынның игілігін көретін болады.

Осы сымды деректерді алға тартқан қала әкімі газға қосылмаған тағы бірнеше елді мекеннің бар екенін, оларға жобалар әзірленіп, өзекті мәселе кезек-кезеңімен шешілетінін тілге тиек етті. Биылдан бастап газдандыру жобасына енгізілген Қосшыңырау ауылдық округі Абай, Досан елді мекендеріне газ желілері құрылысы жүргізілді. Оған ұлттық қордан және

**ҚОСШЫҢЫРАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАСЫ БАСТАЛАДЫ**

**2023** жылы

Қосшыңырау ауылдық округі Абай, Досан елді мекендеріне газ желілері құрылысы жүргізіледі

Аукымды жобаға бюджеттен 662,7 млн. теңге қаржы бөлінді

Уақыттың өткені білінбейді. Әне-міне дегенше, бір жыл да өте шықты. Тағы бір жыл тарих қойнауына енді. Жаңа жыл қарсаңында өткен жылғы атқарған қызметіміз бен бағындырған биігімізді ой елегінен өткізбеу мүмкін емес. Барыс жылы Сыр жұртшылығы үшін де бергені мол, берекелі жыл болды. Көптеген құрылыс нысандары бой көтеріп, жаңа әлеуметтік нысандар салынды. Өнер мен спорт, білім мен ғылым саласында жаңа жетістіктерге қол жеткіздік. «Балалар жылы» аясында көптеген игі жұмыс атқарылды. Ұлттық құрылтай мен референдум өткізілді. Ел мүддесі жолындағы мәртебелі істер ауқымы атқарылды. Айта берсек, әлі де көп.

## ҮЗДІКТЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



Жыл қорытындысына арналған салтанатты кеште қала әкімі Асылбек Шәменов сөз алып, үздіктерге ізгі лебізін жеткізіп, жыл көлемінде атқарылған істерге шолу жасады.

– Өздеріңіз білетіндей, үстеміздігі жылы қаламыз қарышты дамып, дамуының жаңа кезеңіне бағыт алды. Облыс орталығында көптеген құрылыс нысандары бой көтеріп, жаңа шағын аудандар салына бастады. Шаһарымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша еңбек сіңірген сала мамандары қашанда болсын құрметке ие. Біз арқашанда ынтымақ пен бірлігімізді сақтап, ел дамуы жолында бірлесіп жұмыс атқара беретін боламыз. Ел игілігі жолында жанашырлық танытқан барша азаматқа шын жүректен алғысымызды білдіремін, – деді шаһар басшысы.

Одан әрі түрлі салада еңбек етіп жүрген белсенді азаматтар марапат төрін көрінді. «Жыл ұстазы» аталымы бойынша №23 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі Айгүл Қиясова марапатталды. Ол «Үздік педагог-2022», «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жүлдегері. «Жыл спортшысы» аталымы знододан халықаралық дәрежедегі спорт шебері бойынша Мағжан Шамашдин

үздік атанды. «Үздік өнер ұжымы» аталымымен «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауы марапатталды. «Үздік медицина қызметкері» аталымы дәрігер-терапевт Ләззат Елубаеваға табысталды. «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» жеке кәсіпкер Жәнісбек Бердешовке табыс етілді. Ол өз қаражаты есебінен жоба құны 25 млн құрайтын жылыжай кешенін іске қосып, 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. «Үздік коммуналдық сала қызметкері» Иса Жаксылықовқа берілді. Ол «Қызылорда жылу электр орталығы» мекемесінің цех бастығы қызметін атқарады. «Үздік полиция қызметкері» аталымы Азаматтық бақылау тобының аға инспекторы Арыстанбек Қаскырбайұлына табысталды. «Жыл құрылысшысы» аталымы Рүстем Серікбаеваға берілді. Бұл марапат оған өңірміздің дамуына және сапалы құрылыс нысандарының бой көтеруіне үлес қосқаны үшін табыс етілді. «Үздік мәдениет қызметкері» аталымына ақын Ұлықбек Тәңірбергеновке лайық деп танылды. «Үздік ұжым» аталымымен «QosyU» жастар ресурстық орталығы марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Әскерге бару – азаматтардың Отан алдындағы борышы. Алайда елімізде жастардың әскерге баруға құлшынысы жоқ. Сонымен қатар ондағы келеңсіз жайттар бозбалалардың сарбаз сапында тұруға деген ынтымақ азайтты. Ер-азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге ынталандыру мақсатында түрлі жобалар жүзеге аса бастады.



## ӘСКЕРГЕ БАРҒАНДАРҒА ЖЕҢІЛДІК БАР

Соның бірі – мерзімді әскери қызметін өткерген барлық азаматқа Ұлттық бірінші тестілеуді есепке алмай, әскери борышын өтеген соң екі жыл ішінде жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік беру. Қорғаныс министрлігі тиісті ережелерге өзгерістер енгізу жұмыстарын бастап кетті. Жобаны іске асыру білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді. Бұл жоба биыл басталады. Мұндай жеңілдіктер қазіргі уақытта борышын өтеп жүрген азаматтарға және 2022 жылы әскерге шақырылуға жататын сарбаздарға жасалмақ. Демек, биыл күзде әскерден келген соң, олардың оқуға түсуге мүмкіндіктері бар. Бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқи

алады. Жаңа жобаны Ғылым және жоғары білім министрлігі де қолдап отыр. Бұдан бөлек, әскерге барып келгендерге бірнеше жеңілдік жасалады. Атап айтқанда, олар – ҰБТ-ны есепке алмай, әңгімелесу нәтижесі бойынша екі жыл ішінде ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу, ЖОО әскери кафедрасында тегін оқу және әскери оқу орындарына емтихансыз және ҰБТ-сыз оқуға түсу мүмкіндіктері.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, күнтізбе бойынша күзде әскерден келген соң олар оқуға түсе алады. Ал бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқи мүмкіндігіне ие болады. Қорғаныс министрінің кеңесшісі Айгүл Түлембаеваның айтуынша, жеке қасиеттеріне, үлгілі

тәртібіне және мерзімді әскери қызметін өтеу кезеңінде жауынгерлік даярлықта қол жеткізген жоғары нәтижелеріне қарай әскери қызметшілерге жоғары оқу орнының гранты есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі беріледі.

– Мұндай жастарға Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына емтихансыз және ҰБТ-ны есепке алмай-ақ оқуға түсу мүмкіндігі ұсынылады. Әскери оқу орындарына емтихансыз түсу және азаматтық жоғары оқу орындарында оқу грантына ие болу кезінде әскери қызметшілердің Отан алдындағы борышын өтеген балаларына да басымдық беріледі. Жобаны іске асыру білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді, – деді Айгүл Түлембаева.

Оның айтуынша, еліміздің барлық өңіріндегі 40-қа жуық жоғары оқу орны әскери борышын өтеген азаматтарға білім алуға жеңілдік жасайды.

Сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің тағы бір бастамасы – әскерде борышын өтеп жүргендерге кредиттік демалыс беру. Яғни 13 айға дейін кредит төлеуді тоқтата тұру. Бұл бастама да азаматтардың әскерге баруға құлшынысын оятады деген үміт бар.

Қалай болғанда да жастарды сарбаз болуға ынталандыру қажет. Бұл бастамалар жастар көңілінен шығып, әскерге баруға ынтымақ арттыра түседі деп сенейік.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



«Қасіретті қаңтар» оқиғасы күллі қазақ елі үшін үлкен сын болды. Осынау сындарлы сәтте қарапайым халықты қалқан етіп, залым күштер құлым ниетін іске асыруға тырысты. Қалаларды қиратып, қарсы кездескенді жайратты. Тәуелсіздікке тірек болған асқаралы арман мен асыл мұраттар адыра қалғандай әсерде болды.

Ұлт тағдыры, ұрпақ болашағы талқыға түскен тарихи сәтте бейбіт халқымыздың байсалдылығы мен ел басшылығының батыл қадамдары елдікті сақтап, мемлекетімізді тұрақты қалыпқа қайтарды. Осының арқасында еліміз арам ниеттілердің соққысынан аман қалды. Бірақ сол елең-алаң шақта ел-жұрт толқыныстардан қауіптен түсті. Ол оқиға әлі күнге жұрт жадында. Тарих үшін сол күндерді тағы бір еске түсіріңіз. Мұндай сындарлы шақтан сабақ алып, екінші мәрте қайталануына жол бермеуіміз қажет.

2022 жылдың 1 қаңтары Жаңажылдық демалыс күндері басталған кез. Билікке бейнеүндеу жолдап, сұйылтылған газ бағасын төмендетуді талап еткен халық орталық алаңа жиналды. Бұқара базасына бүкіл ел алаңдады. Газ бағасының негізсіз қымбаттауы тіршілікті қиындатты. Халық соған наразылықтарын жеткізіп жатты. Жиналған жұрттың саны көбейе бастады. Адамдар көшелер мен жолдарды жапты. Ел тыныштығын бұзбауға шақырған құзырлы орган қызметкерлеріне ешкім құлақ аса қоймады. Алғашында Жанаөзенде басталған бейбіт шеруге Маңғыстау одан өзге өңірлер қосыла бастады. Тұрғындар талап-тілегі де арта түсті. Осы кезде халық арасына арандатушылар түсіп, елдің мақсатын



## ҰЛТ ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН СӘТ

пайдаланып қалуды көздеді. Ұлт бірлігіне жік салып, тыныштығымызды тәрк етуге айла-шарғылар жасауға бел буды.

Осы сәтте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті жердегі билік өкілдеріне халықпен диалог орнатып, келісімге келуге шақырды. Үкіметтік комиссия тобы құрылып, дереу күшейтілген режимде жұмыс істеді. Үкіметтік комиссия белсенді бастамашыл топпен келіссөз жүргізді. Автогаз бағасы төмен бағада сатыла бастады. Бірақ бұл елдің өзге өңірлеріндегі қарсылық шараларын тоқтата алмады.

Дал осы күнгі шерулер бейбіт сипаттан бүлікке ұласты. «Ереуілшілердің» бір тобы мемлекеттік нысандарға шабуылдап, қызметтік көліктерді күйретіп, өртеп, сауда орындарын тонауға кірісті. Оларға тосқауыл қоюға талпынған, қарапайым қызмет маман-

дарын соққыға жықты. Арты үлкен үдеріске ұшырап, соны жаппай көтерілсе шығумен жалғасты.

Бас прокурордың орынбасары Әсет Шындалиевтің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда «Қаңтар оқиғасы» кезінде 232 адам қайтыс болған. Қайтыс болғандардың 19-ы әскери мен күштік құрылым қызметкері екені анықталған.

Қаңтар оқиғасы кезінде еліміздің 8 облысында мемлекеттік органдардың 42 ғимаратына зардап келген. Бұл – Алматы, Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының қалалары. Келтірілген шығынның жалпы сомасы шамамен 30 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 28 млрд теңге республикалық бюджеттен 18 нысанды қалпына келтіруге жұмсалды.

Бұл туралы үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр айтты.

Қаңтар оқиғасы кезінде Қызылорда облысында 72 қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде 5-і терроризм, 2-і адам өлтіру, 1-і жаппай тәртіпсіздік, 4-і қаруларды жымқыру, 4-і билік өкіліне қатысты күш қолдану, 2-і лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану және 54-і басқа деректер бойынша қозғалған.

«Қазақ әдебиеті» газетіне қаламгер Ұлықбек Есдәулеттің мынадай пікірі шығып еді.

– Қазақстан қасіретті күндерді басынан кешірді. Жаңа жылдан кейін жойқын құйындай жайпап өткен кесірілі, кесапатты оқиға республика халқына ауыр тиді. Күн сайын сан түрлі жаманат хабарды естіп жанымыз түршікті. Ащы тарихтан халық қана емес, билік пен құқық қорғау орындары да сабақ алғаны аса қажет. Егер осы жастар алаңға шықпаса, жемқорлықтың жеміне айналған халықтың мойнындағы қамыты сыпырылмас еді, үміт оты жанбас еді. Бұл – мойындауға тиісті шындық. Ең бастысы – екі тізгін бір шылбырды берік қолға алған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің еңесін түзеуге бет бұрған батыл да шешуші қадамдарына ел дән риза болды. Жарқын келешек жолында жұрттымыз көптен күткен жаңа, онды өзгерістер болатынын, өркендеу жолына түскен жаңа Қазақстан келбеті қол бұлғап тұрғанын бағамдалық. Тарих талқысында не көрмеген халықтық?! Салымыз суга кетіп, сағымыз сынбасын. Еліміздің іргетасын ұстап тұрған бірлігімізді қадірлейік, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

## ҚОР НЕМЕН АЙНАЛЫСТЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қоры немен айналысатынын түсіндірді. Нәтижесінде, қор денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы нақты мәселелерді шешумен айналысты. Мәселен, сирек кездесетін аурумен ауыратын балаларға көмек көрсетілуде. Сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында елді мекендерде балалар үшін спорт нысандары салына бастады. Қабілетті балаларға көмек көрсетілді. Сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимі енгізілгенде зардап шеккен халыққа көмек берілді.

тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына 7 млн теңге төленді. Ауыр жарақаттар алған әскери қызметшілерге, ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне 3 млн теңге берілді. Қаңтар оқиғасының кездейсоқ құрбаны болған қаза тапқан азаматтық тұлғалардың отбасыларына 7 млн теңге төленді. Қаңтар оқиғасы кезінде жарақат алған балалардың отбасына 3 млн теңгенен берілді. Сондай-ақ оқ тиіп жарақат алған ауыр

**Ерекше бағдарламаның бірі – Қазақстан халқына» қоғамдық қоры білім беру гранттары. Ауыл мектептерінің түлектері мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерді қолдау, ел азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру.**

Сонымен қатар тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтық құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету. Анығырақ айтқанда, церебральді сал ауруы, ми жарақаттары, жұлынның зақымдануы, параллелия, бұшықет дистрофиясы, Ретт синдромы және басқа да ауруларды тиімді оңалту, өз бетінше қозғалуға және әлеуметтенуге көмектесу үшін заманауи жоғары технологиялық роботты құралдармен (экзоскелеттер) қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларды техникалық құралдармен қамтамасыз ету өте өзекті болып отыр. Сондықтан экзоскелеттер тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін заманауи, жоғары технологиялық және тиімді оңалту құралы болып табылады.

Сондай-ақ офтальмологиялық скрининг және шала туған ретинопатияны емдеу үшін медициналық ұйымдарды жабдықтау қамтамасыз ету басты орында. Шала туған балаларды офтальмологиялық скринингпен қамтуды ұлғайту және шала туған балалардың ретинопатиясын уақтылы емдеу, нашар көретін және соқырлықпен мүгедектік деңгейін төмендету. Бағдарламада өңірлердің медициналық ұйымдарын офтальмологиялық жабдықтаумен жарақтандыру көзделді: 12 дана маңдайлық биноклярлық офтальмоскоппен, 24 дана диагностикалық асферальді линзалармен және 4 дана офтальмологиялық лазермен.

Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру өзекті. Бүгінде 8 орталықты аутизм және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған материалдық-техникалық жабдықтау, инфрақұрылымды дамыту және орталық қызметкерлерін оқыту басталып кетті.

Шалғай елді мекендерінде балалар спортында дамау мақсатында «24 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы жүзеге асты. Осыған ұқсас тағы да бірнеше



## ЖАҢА ЗАҢ ХАЛЫҚТЫ ҚАРЫЗДАН ҚҰТҚАРА МА?

Қарызға белшесінен батқан елдің бар үміті осы заңда екені даусыз. Содан да болар қарапайым халық заңның қабылдануы жұртшылықтың қарызын жеңілдетер ме екен деп алаңдай күтті. Мамандар пікіріне сүйенсек, заңда үш нақты рәсім бар. Атап айтқанда, соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Әр рәсімнің өз талаптары бар.

Мәселен, соттан тыс банкроттық шарттары мынадай: Берешектің 4,9 млн теңгеден (1600 АЕК) аспауы, борышкерде ресми кірістің болмауы, мүліктің болмауы тиіс. Ал сот арқылы банкрот деп тану рәсімі қарыз мөлшері 4,9 млн теңгеден асқан жағдайда қолданылады. Бұл рәсім барысында борышкердің мүлкі сатылады. Түскен қаражат белгіленген кезекпен кредиторлар алдындағы қарыздарды өтеуге жұмсалады. Егер борышкердің жалғыз тұрғын үйі кепіл мүлкі болса, онда кредиторлар оны сот банкроттығы рәсімі кезінде алуға құқылы. Ал жалғыз баспана кепіл болмаса кредиторлар оны талап ете алмайды.

Екінші – сот банкроттығы рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады. Олар кімдер дегенге келсек, заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді банкроттық рәсімін жүзеге асыратын кәсіби бухгалтерлер, заң кеңесшілері, аудиторлар. Заң бойынша банкрот деп жарияланған адам борышкердің міндеттемелерін орындаудан босатылып, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеу тоқтатылады. Оларға 5 жылға несие алуға тыйым салынады.

Үшінші рәсім – азаматтардың төлем қабілеттігін қалпына келтіру. Яғни банкрот адамның тұрақты табысқа қол жеткізгеннен кейін қарызын қайтару жоспары жасалып, «банкрот» деген мәртебесінен құтылады. Сонымен қатар несие алмау секілді шектеулер де алынып тасталады.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, заң әзірлеу барысында жеке тұлғалардың банкроттығын қалыптастырған өзге елдердің тәжірибесі негізге алынған. «Халықаралық тәжірибені ескере отырып, рәсімдердің 3 түрін енгізуді ұсынып отырмыз. Барлық үш рәсімге тек борышкер ғана бастамасы бола алады. Яғни несие беруші өздігінен борышкерге қатысты рәсімдерді қолдана алмайды», – деді вице-министр.

Банкроттықтың салдары қандай екені көп көкейіндегі мәселе. Банкрот мәртебесін алғандарға құжатта 5 жылға дейін несие беруден шектеу ескерілген. Екіншіден, азаматтар 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіне алады. Үшіншіден, 3 жыл бойы сол азаматтың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі.

Айта кетелік, заң ресми түрде 60 күннен кейін күшіне енеді. Яғни қарызы бар азаматтар наурыз айынан бастап банкроттыққа арыз бере алады. Барлығы онлайн жүзеге асатын банкроттық рәсіміне халықтың қаншалықты ынталы болатынын уақыт көрсетеді. Ең бастысы, заң қабылданды.

Басы 1-бетте

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

## ҚОҒАМ КЕШІРІМДІ БОЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар оқиғасына қатысқандарға бір реттік рақымшылық жарияланатынын мәлімдеді.

– Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың қазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Әлбетте, амнистияның тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы барлар мен басты күдіктілер, сонымен қатар мемлекетке сатқындық жасап, билікті күшпен ауыстырғысы келгендерге қатысы жоқ, – деп толықтырды президент.

Тоқаев қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдағанын айтты. «Қаңтар оқиғасына қатысқан 1520 адамға рақымшылық жасалуы мүмкін. Бұл туралы Бас прокуратураның ашық талқыға шығарылған «Рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңының жобасы негізіндегі консультативтік құжаттың көрсетілген, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Бас прокуратура ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершіліктен толық босатуды ұсынып отыр.

Ал ауыр және аса ауыр қылмысқа барғандардың жаза мерзімі қысқартылуы мүмкін.

Осы орайда мемлекетке опасыздық жасау, жаппай тәртіпсіздік, сыбайлас жемқорлықты ұйымдастырған, террористік және экстремистік қылмыс жасаған, азаптаған және қылмысқа қайта барған азаматтарға рақымшылық жасалмайды.

Президент өзінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жасауды ұсынған болатын.

М.ШАЙДУЛЛА



## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНА ҚАНША АҚША ТҮСТІ?

Бүгінде қор өз алдына бағдарламалар мен ірі жобаларды қолға алып, соның аясында жұмыс істеуде. Атап айтсақ, қаңтар оқиғасында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетілді. Қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына 7 млн теңге төленді. Ауыр жарақат алған әскери қызметшілерге, ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне 3 млн теңге берілді. Қаңтар оқиғасының кездейсоқ құрбаны болған қаза тапқан азаматтық тұлғалардың отбасыларына 7 млн теңге төленді. Қаңтар оқиғасы кезінде жарақат алған балалардың отбасына 3 млн теңгеден берілді. Сондай-ақ оқ тиіп жарақат алған ауыр жарааланған көмектеке толған азаматтарға 3 млн теңге төленді.

жараланған көмектеке толған азаматтарға 3 млн теңге төленді.

Ерекше бағдарламаның бірі – Қазақстан халқына» қоғамдық қоры білім беру гранттары. Ауыл мектептерінің түлектері мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерді қолдау, ел азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген салалардағы әлем елдерінің басымдықтарының бірі отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру. Бағдарламаның өзектілігі «Білім беру» саласында еліміздің азаматтарынан қордың цифрлық платформасына келіп түсетін өтінімдер мен өтініштерді талдаумен негізделген: аз қамтылған отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі балалардың, жетім балалар мен мүгедек балалардың көп бөлігінің жоғары білім алуы үшін қаржылық мүмкіндіктері жоқ. Негізгі мақсат – қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту. Өйткені білім беру сапасындағы қазіргі алшақтық ауыл мектептерінің түлектері үшін жоғары білімді қол жетімді етпейді. Қазақстанда іске асырылып жатқан халықты қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары барлық мұқтаж жанның қажеттілігін толығымен жаба алмайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген салалардағы әлем елдерінің басымдықтарының бірі отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру. Бағдарламаның өзектілігі «Білім беру» саласында еліміздің азаматтарынан қордың цифрлық платформасына келіп түсетін өтінімдер мен өтініштерді талдаумен негізделген: аз қамтылған отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі балалардың, жетім балалар мен мүгедек балалардың көп бөлігінің жоғары білім алуы үшін қаржылық мүмкіндіктері жоқ. Негізгі мақсат – қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту. Өйткені білім беру сапасындағы қазіргі алшақтық ауыл мектептерінің түлектері үшін жоғары білімді қол жетімді етпейді. Қазақстанда іске асырылып жатқан халықты қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары барлық мұқтаж жандардың қажеттілігін толығымен жаба алмайды.

бағдарлама мен ірі жобалар легі өте көп. Олардың басты мақсаты – қарапайым халыққа жан-жақты көмектесу.

Алдағы уақытта қорға донорлардан түскен барлық қаражат қордың жобалары мен даму бағдарламаларын жүзеге асыруға жоспарланған. Сондықтан әр донордың үлесі маңызды. Аталған қор осы қарқында дами берсе, көптеген Қазақстан азаматы өмірін өзгерте алады, тіпті құтқара алатыны сөзсіз.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларын қолдау мақсатында біршама игі жұмыс жүзеге асырылды.

Бүгінде қор өз алдына бағдарламалар мен ірі жобаларды қолға алып, соның аясында жұмыс істеуде. Атап айтсақ, қаңтар оқиғасында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетілді. Қаза

Басы 1-бетте



Жаңа жылдық мереке күндері Қызылорда облысы бойынша барлығы 58 нәресте дүниеге келді. Оның 28-і ұл бала болса, 30-ы қыз бала. Ал 2023 жылдың алғашқы сағаттарында Балназым және Гүлназым есімді егіздер дүние есігін ашты.

## МЕРЕКЕ КҮНІ ҚАНША СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ?



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова хабарлады.

– Мереке күндері дүние есігін ашқан нәрестелердің жағдайы жақсы. Қазіргі таңда сәбилер мен аналары толық дәрігерлер бақылауында. Жалпы облыстық перинаталдық орталығында нәрестелерге көмек көрсететін арнайы палата, 55 төсек-орындық «Нәрестелер патологиясы» бөлімшесі және жансақтау бөлімшесі жұмыс істейді. Жағдайы орташа ауыр және қосымша көмекті қажет ететін сәбилер 2 сағат жаңа туған нәрестелерді реанимациялау тобында бақылауда болады. Республика бойынша мұндай қызмет көрсететін палаталар Ана мен бала орталығында алғаш іске қосылды. Аталған бөлімшелер заманауи құрылғылармен жабдықталған. 2023 жылдың алғашқы сағаттарында дүние есігін ашқан алғашқы егіз қыздар туғандағы жағдайы ауыр болуына байланысты жансақтау бөліміне ауыстырылды. Бүгінгі таңда олардың жағдайлары бірқалыпты. Дәрігерлер тиісті ем-шараларды жүргізуде, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанбайқызы.

«Ақмешіт-ақпарат»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында Ұлттық құрылтай құруды ұсынған болатын. Соған сәйкес Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі таратылып, оның орнына жаңа құрылымның іргетасы қаланды. Оның мүшелері де бекітілді. Өткен жылы маусым айында Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың тұңғыш отырысы өтті.

– Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды

ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалды моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, білік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналмақ. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады, – деді мемлекет басшысы өз сөзінде.

тай жиынын өткізу бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Өткенге ой жіберсек, байырғы бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиындарда талқылап, оң шешімін тауып отырған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір топтама келген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар аз емес. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды.

«Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын», – деді Мемлекет басшысы.

Құрылтайда халыққа танымал, беделді тұлғалар өз ой-пікірін айтып оның шешілу жолдарын тауып,

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ

Ұлттық құрылтайдың құрамына барлық аймақтың өкілдері енді. Сонымен қатар оған Парламент депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кірді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасты.

Кез келген мемлекет өмір сүру тарихында дамудың түрлі кезеңдерін бастан өткерері сөзсіз. Еліміз жана даму кезеңі алдында өз құрыл-

Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік алған алғашқы жылдары дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өтті. Іргелі жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Ұлы көш тәуелсіз Қазақстанға бет алды. Бұл күнделікті тынымсыз еңбекті талап ететін өркендетті өмір салты екені анық аңғарылады.

Ұлттық құрылтайдың тағы бір маңызды құндылығы – мемлекет мүддесін бәрінен биік қою. Ұлытаудағы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін қайта жаңғыртып, оған мемлекеттік мәртебесін беруді ұсынды.

ортақ байламға келіп, Үкіметке ұсынады. Сол арқылы халқымыздың мәселелерін шешуге талпынады. Онда қоғамдық ой-пікір ашық айтылып, оларды нақты іске асыратын жүйелі тетіктер қарастырылатын болады. Ұлттық құрылтай дала философиясына негізделген мәмілелі жиын. Бұл еліміздің жаңаша бағыт алып дамуына соны серпін береді деп күтілуде. Ең бастысы, алда ауқымды шаруа күтпін тұр. Сол халық мақсат тұтқан жүйелі іс берекелі болуына барша қазақ баласы тілекші һәм мүдделі болмақ.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті қоғам. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі екенін заңмен бекітті деген еді. Және мұның жай сөз еместігін де баса айтқан.

Иә, Президенттің әрбір отбасы ұлттық байлықтың игілігін көруі керек дегені көпшіліктің көңілінен шыққаны рас. Әсіресе аталған бағытта «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаның іске асатыны жұртшылықты бір серпілтіті.

– Балалар жылы аясында мен жариялаған «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына мүмкіндік береді. Қор шын мәнінде ұлттық мәртебеге ие болады және халқымыздың игілігіне қызмет етеді, – деген еді Президент Жолдау барысында.

Жоба келер жылы 1 қаңтардан бастап іске асады деп жоспарлануда. Жалпы жаңа бағдарлама негізінде еліміздегі барлық 18 жасқа дейінгі балаларға жеке есепшот ашылып, Ұлттық қор инвестициялық табысының 50 пайызын аударатын болады. Шоттағы қаржыны 18 жасқа толғаннан кейін үй немесе білім алуға жұмсауына болады.

Мұндай жаңалықты естіген әрбір ата-ананың көкейінде сан сұрақтың туындағаны анық. Расында, жыл сайын түсетін қаржы көлемі қанша болмақ? Тенге құнсыздана, бұл жинақтағы қаржы көлемі де аз бола ма?

Қаржы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Ұлттық қордың осы кезге дейінгі жалпы инвестициялық кірісі 25,5 трлн теңгені құрайды екен. Оның 77 пайызы теңгенің құнсыздануынан түскен пайда саналады. 2021 жылы



қор кірісі 1,7 трлн теңге болған. Болжам бойынша елдегі көмелет жасқа толмаған балалар шотына жыл сайын 800-850 млрд теңге түспек. Десе де бұл тұрақты көрсеткіш саналмайды. Осы орайда мамандар туу көрсеткішінің динамикасын есептей отырып, әр балаға төленетін қаржы көлемін анықтауға тырысқан.

Мәселен, өткен жылдың басында республика бойынша 15 жасқа дейінгі 6 млн-ға жуық бала бары анықталса, бағдарлама іске асатын жылы бұл көрсеткіш 7 млн-ға жуықтайды деген болжам айтады. Осының бәрін ескере келе есеп жүргізген қаржыгерлер бала басына берілетін орташа жылдық қаржы көлемін анықтауға тырысқан.

дейді. Ал бұл қаржы 18 жылда 2 млн 160 мың теңгеге жетеді. Сонда 2024 жылы дүниеге келген шақалақ 18 жасқа жеткенше осыны қаржы несі бола алады. Ал одан бұрын дүниеге келгендердің жинақ көлемі көмелеттік жасқа толғанға дейінгі жыл көлемімен өлшенеді. Бұл – тек шамамен есептелген болжам ғана. Мамандар 18 жыл

Қаржы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Ұлттық қордың осы кезге дейінгі жалпы инвестициялық кірісі 25,5 трлн теңгені құрайды екен. Оның 77 пайызы теңгенің құнсыздануынан түскен пайда саналады. 2021 жылы қор кірісі 1,7 трлн теңге болған. Болжам бойынша елдегі көмелет жасқа толмаған балалар шотына жыл сайын 800-850 млрд теңге түспек. Десе де бұл тұрақты көрсеткіш саналмайды. Осы орайда мамандар туу көрсеткішінің динамикасын есептей отырып, әр балаға төленетін қаржы көлемін анықтауға тырысқан. Мәселен, өткен жылдың басында республика бойынша 15 жасқа дейінгі 6 млн-ға жуық бала бары анықталса, бағдарлама іске асатын жылы бұл көрсеткіш 7 млн-ға жуықтайды деген болжам айтады. Осының бәрін ескере келе есеп жүргізген қаржыгерлер бала басына берілетін орташа жылдық төлем шамамен 120 мың теңге болады дейді. Ал бұл қаржы 18 жылда 2 млн 160 мың теңгеге жетеді. Сонда 2024 жылы дүниеге келген шақалақ 18 жасқа жеткенше осыны қаржы несі бола алады. Ал одан бұрын дүниеге келгендердің жинақ көлемі көмелеттік жасқа толғанға дейінгі жыл көлемімен өлшенеді. Бұл – тек шамамен есептелген болжам ғана.

ішінде қор ресурсының сарқилуы, инвестициялық кіріс көлемінің азаюы, бала туу мен көші-қон процестерінің өзгеруі сынды факторларды ескеру керетін айтады.

Осы орайда Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай әр балаға төленетін қаржы көлемі туралы «facebook» парақшасында жазба жариялаған еді. Онда ол Үкімет пен Ұлттық банктің есебіне сәйкес елімізде жыл сайын 400 мың сәби дүниеге келсе, олардың есепшотында 18 жасқа дейін 3 мың АҚШ доллары жинақталады деген еді.

Жалпы Ұлттық қордан балалар есепшотына аударылатын ақша көлемі қазіргі таңда Ұлттық экономика министрлігі тарапынан есептелуде. Сондай-ақ министрлік теңге құнсызданған жағдайда не болатынын да алдын ала айтып өткен.

– Жоба бойынша қаржы 18-ге толмаған балаларға жылына бір рет аударылады. Жүйе 2024 жылы қолданысқа енгізілсе, бала жасына байланысты бір немесе бес жыл қаржы алуы мүмкін. Соған сәйкес оның шотындағы қаражат та аз жинақталады. Ал «бала 18-ге толғанша шоттағы ақша құнсызданып кетпей ме?» дегенге келсек, қаражат құнсызданбайды. Себебі ол доллармен аударылады, – деген еді Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров.

Министр Ұлттық қордың барлық активтері шетелде инвестицияландырылған қордағы қаражат доллармен сақталатынын айтқан. Ал соңғы 10 жылдағы инвестициялық табыс орташа есеппен 2,74 пайызын құраған.

Жаңа бағдарлама келер жылдан бастап жүзеге асады. Шоттағы қаражат баланың үй не білім алуына, кәсіп ашуына мүмкіндік береді. Әйтеуір, үлкен өмірге қадам басар тұста қолында қаражаты болып, оны тиімді пайдалануына мүмкіндік туады.

Айдана СЕЙІЛ

### РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

## ҚАМҚОР ҚҰШАҚҚА ЗӘРҮМІЗ



### Қадірменді оқырман!

Жаңа жыл қарсаңында біздің отбасымыз күтпеген табиғат апатына ұшырады. Мамыражай отырғанда электр желісінің ақауынан бес бөлмелі үйіміз лезде өртке оранды. Шанырағымыз ортасына түсті. Өрт сөндірушілер апатты жоюға бар күш-жігерін салды. Ама! не, лаулаған өрт бой бермей, лаулай түсті.

Сонымен қазір үй-күйсіз халге ұшырап, алты жан көршіміздің үйін паналап отырмыз.

Сыр елі қашаннан кемтарға, оқыс жағдайға тап болғандарға қол ұшын созушы еді. Біздің де үйімізді қалпына келтіруге қол ұшын созып, көмек берсе екен. Қазақ елінен көмек сұрауға осы жағдай душар етті. Қалың қауымнан көмек күтпейміз...

Үлкен үмітпен, **Кәтен ҚОЙШЫБАЕВА,**

Тыл ардагері.

**Қызылорда қаласы, Құдабаев көшесі №4**  
**Құрманғазы Қойшыбаев,**  
**Каспий голд нөмірі: 8708234694**

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басалады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы **Тапсырыс №5**  
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ